

Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 844 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 264 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.04.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 68) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К. Мәсімов
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 31 шілдедегі
№ 844 қаулысымен
бекітілген

Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 68) тармақшасына сәйкес әзірленді және жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру тәртібін айқындайды.

2. Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру тәртібі

2. Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсатты азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) береді.

3. Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат алу үшін өтініш беруші азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш;

2) мұнай, газ ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстарын жүзеге асыруға немесе пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізуге арналған лицензиямен қоса, кен өндіру (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға лицензиясының нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып, м ә л і м е т т е р д і ;

3) жарылыс жұмыстарын қауіпсіз орындау шарттарын нақтылайтын есептерді , кесектердің ұшуы бойынша қауіпсіз арақашықтықты, екпінді ауа толқыны әсерін, жарылыс, сейсмикалық әсер ету кезінде улы газдардың әсерін көрсете отырып , м ә л і м е т т е р д і ;

жердің үстіңгі бетінде жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде:

4) жарылыс жұмыстарын жүргізу орындарын, қауіпті аймақ шекараларын, қауіпті аймақты және оның шегінде орналасқан тұрғын және өндірістік ғимараттарды, құрылыстарды, темір жолдарды, автомобиль жолдарын, каналдарды, құбыржолдарды, электр беру желілерін күзету бекеттерін орналастыру орындарын енгізе отырып, жергілікті жер жоспарының көшірмесін;

жерасты жағдайларындағы жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қосымша:

5) жарылыс жұмыстарын жүргізу орындарын, қауіпті аймақ шекараларын, қауіпті аймақты күзету бекеттерін орналастыру орындарын енгізе отырып, кен өндіру жұмыстары жоспарының көшірмесін; сондай-ақ шахтаның (кеніш, геологиялық барлау жұмыстары объектісі) газ және шаң бойынша қауіптілігі туралы электрондық құжат нысанындағы мәліметтерді;

жарылғыш материалдарды қолдана отырып, сейсмологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде қосымша:

б) жұмыс профилдері және қауіпті аймақты қорғау схемаларының электрондық құжат нысанындағы көшірмесін электрондық нұсқада және қағаз ж е т к і з г і ш т е ұ с ы н у қ а ж е т .

4. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің ұсынылған құжаттарды қарау мерзімі өтініш тіркелген күннен бастап он жұмыс кү н і н қ ұ р а й д ы .

5. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижесі бойынша азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

(ұ й ы м н ы ң а т а у ы)

(жарылыс жұмыстары жүргізілетін жердің атауы)
жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беруді сұрайды.
Жарылыс жұмыстарына басшылық жасау _____

—

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, жарушының бірыңғай
кітапшасының нөмірі, берілген күні)
_____ жүктелді.

(ұйым басшысының лауазымы) _____ (ұйым басшының тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса) қолы)

Ж а р ы л ы с ж ұ м ы с т а р ы н ж ү р г і з у г е
р ұ қ с а т б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а
2-қосымша

Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат

(азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық
бөлімшесінің атауы)

(жарылыс жұмыстары жүргізілетін жердің атауы)
_____ мақсатында
кімге _____
(ұйымның атауы)

_____ берді.
Жарылыс жұмыстарына басшылық жасау _____

—

_____ жүктелді.
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, жарушының бірыңғай
кітапшасының нөмірі, берілген күні)

Жарылғыш материалдарды сақтау орны _____
(атауы, орналасуы)

Берілген мерзімі _____
Осы рұқсаттың қолданылу мерзімі - берілген күнінен бастап 1 жыл.

(азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ